

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕҢБЕККЕ БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

АбдировӨркен

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

orken1996@mail.ru

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Құрманбаева Ш.Қ.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерін фольклор саласының бір бөлігі ретінде әдебиетте зерттелді, философия ғылымы үшін бұл таным қорын қалыптастырушы фактор болып есептелсе, тіл ғылымы үшін осы он жылдықтар көлемінде ғана жеке алынып зерттеліп жатқан объект. Мақал-мәтел дегеніміздің өзі толғанған ойдың толастап келіп келіп шығарған, мың жағдаяттың межесін бірнеше жолмен беретін түйінсөзі. Онда ұлттың сан ғасырлық мұрасы, мәдениеті, мінезі жатады. Мұны тілдік тұрғыда зерделеу үшін алдымен лексикада – мағыналық жағын, фразеологизмдерге ұқсастығын – фразеология, тілдік норма жағын – стилистика, құрылымын – синтаксис қарастыратын болады. Қазіргі күні лингвистикадағы өзекті саланың бірі антропологистикада адамды тілдің ішінде зерттей алу үшін мақалдардың табиғатын анықтау аса маңызды.

Мақал мен мәтелдің айырмашылығы жөнінде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесін» жапсарластыра қай келе, оларды өрнекті сөйлемдер, өлеңді сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз және ділмәр сөз деп бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқтайды. Енді осылардың ішінде мақал- мәтелдерге айрықша тоқталады. «Мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады» [1], — деп түйіндейді. Алайда біздің байқағанымыздай егер мақалдың барлығы аяқталған іс-әрекетпен келіп, тек өзі дара жұмсалған болса мұндай тоқталуға тұрарлық мәселе болмас еді.

Мақал-мәтелдердің ұлт тілінде көп қолданыс табуы сол халықтың сөздік қорының да, таным көк жиегінің де биіктігінің көрінісі болып табылады. Яғни мақал-мәтелдер сол ұлттың танымына тікелей байланысты[2,25].

Мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу дегенде— ғасырлар бойы қазыналы сөздерден құралған мақал-мәтелдердің шығу тегі, уәждері, қолданысы, жайылуы сияқты мәселелер. Уәждері дегенде – мақалдардың пайда болу негізі, тариғи жағдаяты баяндалады. Мақалдардың ауыспалы мағынада қолданылуы оның ішкі формасын сақтау отырып тысқы формасын өзгертіп, астарлы жеткізуден туады[3,10].

Мақал-мәтелдерді этнолингвистиканың объектісі ретінде қарастырудағы күрделі мәселе – олардың тілде пайда болу процесі мен дами келе, адамға (оның сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу уәждерін тап басып, дәл жеткізу, мән-жайын таратып, түсіндіру. Мысалы, «Сабасына қарай піспегі, Сақалына қарай іскегі» деген мақал «Бір нәрсеге екінші нәрсе сай, яғни әрекетіне қарай берекеті» деген ауыс мағынада қолданылады. Бұлай талдауымыз үшін «Саба» және «піспек» сөздерінің мағынасына үңілейік. САБА зат. этн. 1. *Қымыз ашыту үшін, жүні қырылып, ысқа салынған жылқы терісінен жасалған ыдыс.*

Осы үй. Осы жатқан тау аңғары,

Қойлар да күйістерін тамамдады.

–Жыл келді зой ішейік әкел, кемпір,

Қысырдың қымызынан сабаңдағы .

ПІСПЕК зат. Саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып, қымыз, іркіт пісетін сабы бар қарапайым құрал.

Бозарып күлі, быртылдап арша, от жанып,

Отырсаң, шіркін, тигендей жарты патшалық.

Пысықтау жеңгей піспекті барып қозгаса,

Көпіршіп кетіп, сабадан саумал жатса ағып [4,69-310].

Жоғарыда мысалға мән берсек, бұл ұғымдар біздің тілімізге шеттен енген сөз емес. Яғни өз ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, біздің кәсібімізге ғана тән екенін аңғара аламыз.

Мысалы, кейде адамның жасап жатқан ісі өзіне лайық болған жағдайда қолданылады. Осы мақалмен мағыналас «Еңбегіне қарай өнбегі» деген де мақал бар. Егер саба мен піспектің қандай болатынынан хабардар адам болмаса, олардың бір-біріне қатысты құрал екенін аңғармаған болар еді. Ұғынған күннің өзінде тек тура мағынасында ұғуы мүмкін. Мақалдың астарлы мағынасын сөздің басқа тұста, өзгеше қолданыста әу бастан естіп өскен адам ғана түсінеді. Көрсетілген паремиялогиялық бірліктің екінші сыңарындағы «іскек» сөзінің мағынасы сол сақалды жұлып ретке келтіретін құрал екенін екіншісі білмеуі мүмкін. Екеуі де қатыстық мағынадағы сөздерден құралған. Яғни қазақ ұлтының тұрмысынан хабардар адам ғана бұл мақалдың әуелі мақал екенін, содан соң оның қолданыс аясын біле алады. Міне этнолингвистика осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Яғни, мақал-мәтел – кез-келген жәй сәйкестіктен құрала салған сөздер тіркесі емес, ғасырлар бойы халықтың санасына сіңген ұғымдардың жиынтығы десе де болады.

Мақал-мәтелді әдебиеттану саласында зерттеу мен лингвистикалық, оның ішінде этнолингвистикалық жағынан зерттеудің айырмашылығы оларға қай тұстан келуде. Яғни, әдебиеттанушылар мақал-мәтелдерге көркемдік тұрғысынан келеді. Яғни олардың жасалуында қандай айрықша қолданыстар, теңеулер, айшықтаулар немесе ұйқасу жағынан. Ал тіл саласында мағынасына тереңдей кіріп, сөз қолданысындағы уәжге назар аударады. Алайда стилистикасына келгенде зерттеу позициялары ұқсас көрінуі мүмкін.

Мақал-мәтелдердің туу себебін Ә. Қайдар өз еңбегінде екі фактордың әсері дейді. Бірі, ішкі – халықтың өмір-салтында басынан өткерген жағдайларға байланысты, жағдаяттарда шығарылған шешімдердің жиынтығы, екіншісі – көршілес халықтың әсері [5,16]. Әрине, бұл пікірді қолдаймыз, алайда қазіргі күнімізде жалпыға телумен қатар кей оралымды ойлардың жеке авторлары бар екенінде білеміз. Соған орай ұлттың ойындағысын дөп айтқан кей ойшылдардың да сөзі халықтық дәрежеге көтерілетінін атап кеткеніміз жөн болар.

Жоғарыда айтқанымыздай мақал-мәтелдер тарихи факторлардың ауыз әдебиетінде қалыптасқан көрінісі. Әр халықтың ойлауы менталитетіне байланысты. Соған сай логикалық формулаларға түскен, екшеліп, сарапталған мақал-мәтелдер пайда болады. Мысалы, қазақтың танымында еңбеккерлік, пейнеткерлік, іскерлік ұғымдарына байланысты мақалдар қазақтың танымынан сарапталып шыққан.

Келген дәулет,

Кеткен бейнет.

Ер еңбегіне бір тойсын.

Бейнетің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.

Қолы қимылдағанның
Ауызы қимылдар.

Еңбегіне қарай, өнбегі.

Жас кезімде бейнет бер
Қартайғанда дәулет бер.

Еңбек ерлікке жеткізер.
Ерлік елдікке жеткізер.

Еңбек ет те, міндет ет.

Көп еңбегі — көңілді.

Еңбегің сайлы болса,
Ішің майлы болар.

Еңбек ет те мақтан,
Ойнап-күл де шаттан.

Еңбек — ширатады.
Өмір — үйретеді.

Кетпен шауып өлгем жоқ,
Кемтаршылық көргем жоқ.
Таңмен таласа тұрғанның
Талай ісі бітеді.
Тал түске дейін жатқанның
Талай ісі кетеді?

Еңбек пен бақыт егіз.

Еңбекпен ер өседі,
Егізден төл өседі.

Елің сені елесе,
Еңбегіңнің жанғаны,
Елің сені шенесе,
Көз қырына алғаны.

Іске кіріс жай, асықпай, жөнін біліп тұрақты,
Аптыққанда «тұтатам» деп, Сөндіресің шырақты.

Ісмер қайда жүрсе де ақша табады.

Іспен тәуір жұрттың көңлін анық тап, Өз бойыңды парықсыздан аулақ сап.

Әуелі істер жұмыс иінін ойлап ал,
«Керек пе, әлде жоқ па екен» деп анықтап.

Иссіз тұрған білімді – жаңбырсыз бұлттай[6]

Мұндағы мақалдың шығу уәжділігінің бәрі дерлік жалпы халықтық түсініктің оң коннотациялық мағынасынан туған. Адам баласының эволюциялық даму жолында өзіне пайда әкелетін жағдайдың бәріне дерлік еңбекпен жеткен. Яғни Жер бетіндегі барша адамға тән, жинақталған концепциялардан алынған ақпараттың көрінісі ұлттық танымнан да байқалады. Демек бұл оң стереотип, немесе жағымды қалыптасқан пікір біздің ұлттың да танымына жат емес екенін бідіреді. Алайда қолданыс аясына түсер кезде жоғарыдағы мақалдардың кейбірін ұғу үшін прессуппозицияны алдынала білу керек. Ол үшін де ұлттық ментальды меңгеру керек. Мысалы, «Еңбегің сайлы болса, Ішің майлы болар.» мақалы үшін қазақ халқының «май» дегенде қай мағынада айтып отырғанын білуіміз қажет. «Май» дегенде қазақта жылқының ішкі майы, сүттің майы (сары май) немесе т.б. майлар еске түседі. Яғни бұл тоқтықтың, баршылықтың белгісі. Мұндағы прессуппозицияны ұққан адам ғана «Еңбек етсең, тоқ боласың» деп түсінеді. Сол сияқты бір ұлттың мінез-құлқымен, танымымен қадыптасқан формулалар да бір тектес мақалдарды тудырады. Оған қоса әр түрлі ұғымдарға байланысты кей мақалға қарсы мақал да табылып қалуы мүмкін. Алайда еңбек қатысты мақалдарды теріс коннотациялық ұғым қазақ ұлтында жоқ.

Қазақ мақал-мәтелдері осы күнге дейін әр сала төңірегінде зерттелінді. Ал тіл саласында он жылға жуық мерзімдегі зерттеулерді көзіміз шалып келеді. Алайда этнолингвистикалық зерттеудің еңбекке байланысты мақалдарды зерттеудегі маңызы анықталмаған еді. Біз зерттеулердегі кей пікірлерді ұсыға келе, еңбекке байланысты мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерттеудің маңызын аша алдық. Ұлттық мұраларымызды одан әрімен сақтап, халық қазынасын келешек ұрпаққа жеткеру үшін мұның маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1980. — 92-б.
2. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
3. Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. –31б.
4. Б Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова. Мұқағали тілі сөздігі. – Алматы, 2017
5. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
6. Бабалар сөзі: 100 томдық. Мақал-мәтелдер. - 65-69 т. - Астана: Фолиант, 2007.